

**Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі "2015 жылға өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" № 96/4 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 299/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қарашада № 4785 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 бұйрығымен бекітілген Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі "2015 жылға өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" № 96/4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4472 болып тіркелді, 2015 жылғы 23 мамырда "Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланды) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

прембуласы келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау

қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 бұйрығымен бекітілген Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулының 4-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201-жолдармен толықтырылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

2015 жылғы "30" қазан

Павлодар облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 20 қазандағы  
№ 299/10 қаулысына  
қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "7" сәуірдегі  
№ 96/4 қаулысына  
қосымша

195	Ластик Экстра, эмульсия концентраты (фенокса-проп-п-этил, 70 г/л+ флоквинтосет-мексил (антидот), 40 г/л)	литр	50	1664
196	Эстерон, эмульсия концентраты (2-этилгексил эфири түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	литр	30	555
197	Форвард, майлы эмульсия концентраты (хизалофоп-п-этил, 60 г/л)	литр	30	1155
198	Дублон голд, сулы диспергерленетін түйіршіктер (никосульфурон, 600 г/л+ тиенсульфурон-метил, 150 г/кг)	килограмм	30	45437
199	Лазурит, суланатын ұнтақ (метрибузин, 700 г/кг)	килограмм	30	3894
200	Ластик Экстра, эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 70 г/л+			

.	кловинтосет-мексил (антидот), 40 г/л)	литр	30 998
201	Эскудо, сулы диспергерленетін түйіршіктер (римсульфурон, 500 г/кг)	килограмм	30 105398

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК